

"Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігін құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 417 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігін құру туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасының Президенті
ЖАРЛЫҚ Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігін құру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес
Қ А У Л Ы **Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігін (бұдан әрі - Агенттік) бөліп, оған атом энергиясын пайдалану, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында ядролық қаруды таратпау режимін сақтау саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді беру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитетін таратсын;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің таратылатын Атом энергиясы комитетінің штат санын Агенттікке беруді қамтамасыз етсін;

3) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Агенттік Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің таратылатын Атом энергиясы комитетінің міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқор болып белгіленсін.

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 6 Жарлығына мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі».

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ